



Халлдор ЛАКСНЕСС

АРМАНЫН АҢСАҒАН ЖАНДАР



---

Әлем әдебиеті кітапханасы





“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА  
2006

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Құл-Мұхаммед Мұхтар, *төрага*  
Досжан Ардақ, *төраганың орынбасары*  
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

*Қоғамдық кеңестің мүшелері:*

Абдрахманов Сауытбек  
Аяған Бүркіт  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әйтимова Бірғаным  
Әлімбай Нұрсан  
Әуезов Мұрат  
Базылхан Нәпіл  
Байпақов Карл  
Биекенов Кеңес  
Ертісбаев Ермұхамет  
Кенжеғозин Марат  
Қасқабасов Сейіт  
Қойгелдиев Мәмбет  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Өмірбеков Байтұрсын  
Салғара Қойшығара  
Сариева Рысты  
Сейдімбек Акселеу  
Сұлтанов Қуаныш  
Таймағамбетов Жәкен  
Тұяқбаева Баян  
Хұсайынов Көбей

Халлдор ЛАКСНЕСС

АРМАНЫН АҢСАҒАН  
ЖАНДАР



әлем әдебиеті кітапханасы

*Аударма*

ББК 84(4 Исл)

Л 17

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы  
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (*серияны құрастырған*), Абдрахманов Сауытбек (*төраға*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд, Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл, Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр, Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім, Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

*Орыс тілінен аударған Мыңбай Ілес*

**Лакснесс Халлдор.**

Л 17 Арманын аңсаған жандар. *Ерлік туралы саға.*  
Астана: Аударма, 2006. – 632 бет.

ISBN 9965-18-161-6

Л  $\frac{4703010100}{00(05)-06}$  – 162

ББК 84(4 Исл)

ISBN 9965-18-161-6

© Ілес М., 2006

© “Аударма” баспасы, 2006

---

## САГАЛАР АРАЛЫНЫҢ СҰҢҒЫЛА СКАЛЬДІ

Исландия әдетте сагалар мен скальдтар аралы деп аталады. Шынында да әдеби шығармашылыққа құштар, оған белсене араласып, құлшына ат салысатын өзге халықты басқа елдерден іздеп таба қою оңай емес. Исландиялықтар өздерінің мың жылдық тарихындағы ғажайып поэтикалық сагаларды халықтың қымбат қазынасы ретінде қатты құрметтейді, оларды ұрпақтан-ұрпаққа қасиетті мұра ретінде мұқият сақтап, тапсырып келеді. Рас, ежелгі сагаларды шығарған көптеген скальдтардың аты-жөні ұмыт болған. Бірақ олардың туындылары күні бүгінге дейін ел аузында сақталып келеді. Халықтың бұл әдеби дәстүрді құрмет тұтатыны сонша, соның рухында жаңа сагалар шығаратын скальдтар да аз болмаған. Олар әр түрлі тақырыптарды, нақты оқиғаларды, тіпті діни сюжеттердің өздерін поэтикалық сагаларға айналдырып жырлап келді. Сондықтан да сагалар сүйікті де кең тараған әдеби жанрға айналған. Дәстүрлі сагалар рухында тәрбие алмаған, оның тамаша жырларынан үзінділерді жатқа білмейтін, оларды мақтаныш тұтпайтын исландиялық жок деуге де болады. Ежелгі сага дәстүрінде халықтасқан скальдтар ұрпағы ғасырдан-ғасырға жалғасып келеді. Теңіз жағасындағы шағын жырада тығылыса орналасқан кез келген кішкентай кенттің, кең-байтақ иен даланың ең алыс түкпірлеріндегі кез келген елді мекеннің, тіпті теңіз айдынына шығып, кит аулайтын кемелердің де өз скальдтары болады. Олар өз жандарынан едәуір күрделі әрі көркем өлеңдерді суырып салып айта алады. Бұл жағынан алғанда скальдтар қазақтың халық ақындарына ұқсайды.

XX ғасырдың өзіндік ерекше талантты, көрнекті жазушысы, Нобель сыйлығының иегері Халлдор Лакснесс те сол сагалар дәстүрінде

қалыптасқан жазушы. “Сагалар араланың сұңғыла скальді” деп аталуы да, міне, сондықтан. Өзге әдеби дәстүрлерде тәрбиеленген немесе Исландияның тарихымен және әдебиетімен таныстығы аз оқырмандарға жазушы шығармаларының алғашқыда біртүрлі таң қаларлық экзотикалық сарында сияқты болып көрінуі әбден мүмкін. Ойткені Халлдор Лаксенесс шығармаларында Исландияның қатал ауа райы, басқаша табиғаты, Еуропа елдерінен географиялық жағынан алшақ жатуы, тәуелсіздік жолында ғасырлар бойы жүргізіп келген ерлік күресі, ақырында ұлттық әдебиеттің қоғамдық санадағы алатын орнының ерекше рөл атқаруы өзіндік суреткерлік шебер тәсілмен көрсетіледі.

Солтүстік жарты шардағы елдердің арасында халқының саны жағынан ең кішкентай ел саналатын Исландия ХХ ғасырда шығармаларының шын мәнінде халықаралық деңгейде зор маңызы бар талантты жазушының әдебиет әлеміне әбден орынды мақтанышымен ұсына білді. Ол – толып жатқан тамаша романдардың, хикаяттардың, драмалық туындылардың, көсемсөз мақалаларының авторы. осы заманғы шебер де талантты жазушылардың бірі Халлдор Лаксенесс.

Жазушының шығармашылығына тән ерекше қасиет – оның шағын ғана исланд халқының өзіндік ұлттық мінез-кұлқы, сыр-сипатын, ерлік және еңбек дәстүрлерін, мол тарихи тағдырын, бірегей бай мәдениетін өзінің туған халқының ғасырлар бойы бостандық алу, ұлттық тәуелсіздікке не болу, әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу жолындағы табанды күресін көркемсөз күдіретімен көрсете білуге деген ұмтылысы. Оның өз жазу стилі, өзіне тән баяндау мәнері бар. Көркемдік шеберлігінің дәрежесі көп жағдайда тамаша тәмсіл деңгейіне дейін көтеріледі, сомдаған бейнелері ерекше символдарға айналып, ұзақ уақыт есте қалады. Кейіпкердің бояуы қанық бейнесі, нағыз реалистік суреттері көп жағдайда бейне бір көзге көріне бермейтіндей мифтік қиял-ғажайып ертегілердің, сагалардың елестері бүркемелеп, нақты шындық пен ертегінің бір-бірімен тұтаса бірігіп кететініндей әсер қалдырады.

Бұл тұрғыдан алғанда Халлдор Лаксенесс кітаптары автордың айғайын деген ойын жете түсіндіруге қабілетті, алғыр ойлы, ынтызар, құмарлығы күшті оқырмандарға арналып жазылғандай. Әдетте оның өте сараң, бірнеше ғана сөзбен берілетін сөйлемдерінде терең ой, мағыналы мазмұн жатады. Ал оны тез ұға қою тіпті де оп-оңай нәрсе емес. Лаксенесстің сүйікті әдеби тәсілдерінің бірі көбінесе жұмбақ келемеж түріндегі ирония болып келеді. Сондықтан да оны автордың нені күлкі етіп, нені байыппен шын баяндап отырғанын айырып, түсіне білу керек.

Халлдор Лаксенесс – өзіндік ұлттық ерекше әдеби тәсілі бар жазушы. Оның бұл қабілеті мен қасиетінің қалай қалыптасқанын түсіну үшін жазушының өмірбаянына қысқаша шолу жасай кетудің артықшылығы



жоқ. Сонымен Халлдор Гвюдйонссон – жазушының шын аты-жөні осындай – 1902 жылғы 23 сәуірде Рейкьявик қаласында жол салушы жұмысшының отбасында дүниеге келген. Тұңғышы Халлдор туғаннан кейін әкесі көп ұзамай хутордағы фермер болады. Болашақ жазушының жастық шағы Рейкьявиктің оңтүстік жағындағы шағын хуторда өтеді. Хутордың аты Лакнесс – “Бұғы мүйісі” болатын. Сөйтіп өзі тұрған үйдің атауы жазушының бүркеншік атына айналып кетеді. Х.Лакнесстің жарық көрген тұңғыш туындысы осы бүркеншік атпен жарияланады. Жазушының кейін әкесінің хуторына таяу жерде өзі салып алған екі қабатты ақшаңқан әдемі үйі Глюврастейдн (“Шатқалдағы жартас”) деп аталады. Х.Лакнесс соғыстан кейінгі жылдары өз өмірінің басым көпшілігін осы хуторда өткізді және барлық кітаптарын дерлік сонда отырып жазды.

Халлдор Лакнесстің өмір жолы да, шығармашылық жолы да қарама-қайшылыққа толы болды. Оның алғашқы өлеңдері астаналық газеттердің бірінде басылған еді. Ал “Табиғат перзенті” деп аталған, кейін ұмыт болған бірінші романы автордың он алты жасында жарық көрді. Ол кезде Халлдор Рейкьявиктегі училищеде оқып жүрген болатын. Бірақ оны аяқтамай жатып, шетелге кетіп қалады. Сол кеткеннен мол кетіп, талай елді аралайды. Әуелі Скандинавия елдерін, содан соң бүкіл Еуропа елдерін шарлап шығады. Кейінірек АҚШ-қа, одан әрі Канадаға барады. Халлдор қайда жүрсе де сол елдің мәдени өмірін, ақыл-ой парасатын ден қоя үйренумен болады, әр түрлі философиялық және эстетикалық көзқарастарды, әдеби және көркемсөз мектептері мен ағымдарын зерттеумен, діни және саяси өмір ерекшеліктеріне зер салып талдаумен болады. Мұның бәрі де жазушының өмірге, әдебиетке деген көзқарасына әсер етіп, игі ықпалын тигізіп отырады. Осылай ұдайы ізденіс үстінде болған жылдары ол өзінің жазушылық тәжірибесі мен шеберлігін жетілдіре түсуге негіз қалайды, өмірдегі өз мақсат-мұраттарын айқындай түседі.

20-жылдардың аяқ кезіндегі Америка Құрама Штаттары күшті экономикалық дағдарыс қарсаңында болатын. Сол жағдай, Халлдор Лакнесстің өзінің айтуы бойынша оның нағыз социалист болуына ықпал етеді. Бұл ретте жазушының Эптон Синклер мен Теодор Драйзермен жеке таныстығының да әсері күшті болды. Ал Лакнесстің өзі христиан діні мен коммунизм арасында бәлендей айырма бар деп біле қойған жоқ. Ол бір діннің екінші бір дінге қағидаттары жағынан ұқсастығын оп-оңай байқады. “Менің жеті түрлі діннен хабарым бар” деп жазды ол. Бұл ретте католицизм мен социализмді ғана емес, ислам дінін де, конфуциандыққа ұқсас шығыстық даоцизмді де, фрейдизмді де, сюрреализмді де, өзі ден қоя зерттеген басқа “измдерді” де айтып отыр.

Халлдор Лакнесс өз шығармаларының негізгі тақырыбы өзінің туып-өскен атамекені Исландия, оның мың жылдық тарихы бар халқы, сондағы

қалыптасқан өмір сүру, тіршілік ету дәстүрлері мен бай мәдениеті екенін бірте-бірте терең түсінді. 1929 жылы отанына қайтып оралған ол Исландиядағы өмір шындығын жаңаша таныды. Сөйтсе мұндағы өмір өзге өлкелердегі өмірден артық та емес, кем де емес екен: кәдімгі карапайым әрі ұлы ел екеніне көз жеткізді.

“Қасиетті тау етегінде” (1924), “Кашмирлік ұлы тоқымашы” (1927) романдарында, сондай-ақ алғашқы жазған әңгімелерінде өзге жазушыларға еліктеу және мораль айту сарыны басым болатын. Шетелдерде жүріп жазған бұл шығармаларында Халлдор Лакснесс өзінің қалыптасқан шебер қаламгер екенін, шыншыл да жаңашыл ой айта білетін ойшыл екенін айқын аңғартты. Әдебиет табалдырығын болашақ үлкен жазушының аттағаны айқын болды.

Отызыншы, әсіресе қыркыншы жылдар – Халлдор Лакснессің жазушы ретіндегі, сондай-ақ көсемсөз шебері ретіндегі талантының шарықтап өскен кезі болды. 1929 жылы жарық көрген “Халық кітабы” – оның “Өмірде жоқ газет үшін жазылған мақалаларының” жинағы. Онда автор Исландиядағы өсіп жетілмеген шалағай қоғамдық құрылысты құлатып, оның орнына жаңа, жан-жақты жетілдірілген, жарасымды үйлесімі бар қоғам орнатуға шақырады. Жинақта балаларға тәрбие беру, халықтың денсаулығын сақтау үшін күрес жүргізу сияқты басқа да маңызды тақырыптар қозғалады.

Жазушының бұл жылдардағы азаматтық және қоғамдық белсенділігі артып, беделі күшейе түсті. Ол өзінің ойшыл жазушылардың “Қызыл қалам” (1935-1938) үйірмесі құрылтайшыларының және идеялық рух беруші жетекшілерінің бірі болды, “Тіл және мәдениет” журналына белсене жазып тұрды. Х.Лакснесс Исландия мен Кеңес Одағы арасындағы мәдени байланыстар қоғамын құру жөнінде бірінші бастама көтерді және ұзақ жылдар бойы оның тұрақты төрағасы болды. Ол сондай-ақ Еуропа жазушылар ассоциациясының вице-президенті, Дүниежүзілік Бейбітшілік Кеңесінің мүшесі болып сайланды. (Ондағы белсенді қызметі үшін 1953 жылы осы Кеңестің арнайы сыйлығын алды).

Бұл жылдары Халлдор Лакснесс қоғам өміріндегі көкейкесті саяси проблемалар жөніндегі пікір сайыстарына да белсене қатысты, көптеген өткір мақалалар жазды, шетелдерде Исландия әдебиеті мен мәдениетін қажымай-талмай насихаттаумен айналысты. Оның халық арасындағы беделінің өсіп, құрметке бөленгені сонша, тіпті бір кезде оның кандидатурасын ел президенттігіне ұсыну жөніндегі мәселе баспасөз бетінде кеңінен талқыланды. Бірақ жазушы президенттікке үміткер болудан өзі үзілді-кесілді бас тартты. Оның есесіне саяси көсемсөз саласындағы қызметін күшейте түсті – Исландия үкіметін елдің НАТО-ға мүше болуы және Исландия аумағында америка әскери базаларын

күру ұлттық егемендігіміз бен мемлекеттік тәуелсіздігімізге елеулі қатер төндіреді деп жар салды. Х.Лакснесс исланд халқының заңды ұлттық қазынасы болып табылатын ежелгі исланд сагалары түпнұсқаларының әр түрлі тағдырлар тәлкегімен Копенгаген кітапханаларына алынып, сонда сақталып жатқан жерінен өзінің отанына қайтарылуы үшін қыруар күш-жігер жұмсады. Жазушының азаматтық белсенділігі дүние жүзіндегі жанталаса қарулану саясатына қарсы қатты алаңдаушылық білдіруінен де, алпауыт мемлекеттердің өзге елдерді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстау үшін “жаулап алуға” деген өзімшіл менмендігін батыл әшкерелеуінен де айқын көрінді.

Халлдор Лакснесстің өз сөзімен айтқанда, оның ең елеулі туындысы 1937-1940 жылдар аралығында жарияланған “Бейбітшілік шұғыласы” атты тетралогиясы болып табылады. Х.Лакснесс шығармашылығын неғұрлым терең зерттеген беделді де білгір сыншы Кристини Андрьессонның пікірі бойынша, бұл кітап өмір туралы, оның құпия қайнар көздері туралы, адам жаны, оның шеккен қайғы-қасіреті, сондай-ақ болашақтан күткен үміті туралы – жалпы алғанда, кәдімгі адам өмірі туралы туынды...”. “Ол тарихтан жақсы мәлім нақты оқиғалар мен көрнекті тұлғалардың аттарын молынан қамтиды. Олар кезінде көпшіліктің аузынан түспеген, құлағына талай рет құйылған болатын. Оқушыларға жақсы таныс. Оның бәрі де қиялшыл кейіпкер Оулавюр Каурасонның көзімен “поэзия призмасы арқылы” өтіп жатады. “Бейбітшілік шұғыласын” классикалық дәстүрдегі роман деуден гөрі өзіндік жинақтау жанрымен жазылған шығарма деп қарастыруға болады. Онда ортағасырлық қасиетті әулиелердің тұрмыс-тіршілігінің суреттері де, осы заманғы өткір саяси памфлеттің, газет репортажының жедел сарыны да, киносценарийдің қысқа да нұсқа жазылу стилі де бар. Ол өзінің эпикалық ауқымдылығымен де, дауыстар мен дыбыстардың алуан-түрлі үйлесімді үнімен де, жекелеген бөлімдері мен эпизодтарының бір-бірімен тығыз байланыстылығымен де сазды симфония сияқты әсер етеді.

Жазушының отызыншы жылдардағы прозасы халық өмірінің қалың ортасына бойлап енді, оның қасиетті қымбат қатпарларын қамтыды, өмірде пайда болып келе жатқан жас өскіндерді байқап, көрсете білді. “Жаңа Лакснесстің” алғашы ірі туындысы “Салка Валка” романы (1931-1932) болды. Онда мұхиттың алыс жағалауындағы шағын бір кенттегі қарапайым балықшы қыз Салка Валканың өмірі, оның әділетсіздікке қарсы күреске батыл түрде қалай шыққаны, балықшылар одағының қалай құрылып, қатардағы балықшыларды аяусыз қанап келген көпестерге қарсы қалай ереуіл ұйымдастырғаны суреттеледі.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған “Арманын аңсаған жандар” (“Самостоятельные люди”) романы 1933-1935 жылдары жарияланды.

Оған “Ерлік туралы сага” деген қосымша ат берілуінің өзіндік себебі бар – роман шынында да ұлттық әдеби дәстүрде, Исландия сагалары негізінде жазылған. Бұл шығарма – қатардағы қарапайым исланд шаруасы Гудбьяртур Йоунссонның өмірі туралы поэтикалық сага. Романның басты кейіпкері – бай шаруаның қол астында ұзақ жылдар бойы батырақ болып жалданған тақыр кедей жігіт. Оның жатса да, тұрса да ойлайтын арманы – өз меншігімде жерім болса екен, сол жерге емін-еркін жайғасып, өзім үшін еңбек ететін күнге жетсем екен – “өз еркім өзімде, ешкімге тәуелсіз дербес адамға айналсам екен” деген тәтті қиялы орындалатын күнді көру. Ақырында Бьяртур ол күнге де жетеді. Енді ол өз меншігіне тиесілі иен далада аңсаған арманына толық жету үшін қажымай-талмай еңбек етуге құлшына кіріседі.

Шығарманың ә дегенде басталатын баяны жалпылама жинақтаушы символикалық сипатта болғанымен нақты өмір шындығын қоса қамтиды. Автор Исландия шаруаларының тағдыры туралы тұтасынан алып толғана отырса да Жазғы мекен хуторының иесі Бьяртурдың жеке басының тағдырын бірінші кезекке шығара біледі. Оны қатал табиғаттың қиындықтарына қарсы күресте сан ғасырлар бойы жеңістен-жеңіске жетіп келе жатқан, яғни батыл шешімдер қабылдап, алға қойған мақсатына жету үшін қажымай-талмай шайқаса алатын, қиындыққа бас иіп, бағыну дегенді білмейтін, ымыра жасай салуға бармайтын ер жүрек исландиялықтардың көптеген ұрпақтарының өмірі мен ісін жалғастырушы тікелей мұрагер ретінде көрсетеді. Оны былай деп суреттейді:

“Әлгі адам екі бетін көктемгі салқын желдің лебіне тосып келеді. Ол дәл қазір шұғыла төгіп тұрған күннің астында өзін сонау бір ерте замандарда осы жермен күйғыта шапқан тұлпарлардың жібек жалы бетінен сипап өтіп жатқандай сезінді. Ал желдің буырқана соққан екпінінен ат тұяғының дүбірі естілгендей болады... Содан бері сан жүздеген жылдар ішінде осы өзен жағасындағы сүрлеу жолды тұлпарлар тұяғы талай рет таптап өткен болар. Ал қазір онымен адамдар жүреді. Міне солардың бірі, исландиялықтардың отызыншы ұрпағының өкілі, еш нәрседен тайынбайтын ер жүрек жігіт, кешеге дейін батырақ болған, ал бүгін хутор иесіне айналған адам итін ертіп сол сүрлеумен жүріп келеді”.

Қазіргі исланд шаруасы Бьяртурды оқырмандар ежелгі сага кейіпкерлерінің ерлік ісін жалғастырушы ретінде қабылдайды. Өйткені оның ерлікке толы қажырлы еңбегі аңыз кейіпкерлерінің ерен ерлігіне әбден ұқсас.

Романда Бьяртур бейнесі сага сарынында қаншалықты көтеріңкі әрі символикалық түрде жасалып тұрса да оның мейлінше нақты өзіндік ерекшелігі мол екендігі айқын көрінеді, ол бүгінгі өмір шындығынан

шалғай кете алмайды. Автор өз кейіпкерінің адам аярлық ауыр тұрмысын, ерінбей-жалықпай күн сайын жан-тәнімен беріле атқарған қажырлы еңбегін, бір жапырақ нан табу үшін ұдайы күрес үстінде жүретінін, қайыршылық хал кешіп қиналатынын жеріне жеткізе нанымды суреттейді. Арада қаншама жылдар өтсе де ол өзінің осы ауыр бейнетінің зейнетін көре алмай-ақ қояды. Бірақ соның өзінде де алған бетінен қайтпайды, алға қойған асыл мұратыма жетсем, өз еркім өзімде, ешкімге тәуелсіз дербес азамат ретінде еркін өмір сүре алатын бостандыққа ие болсам деген арманынан күдер үзбейді.

“Мәселе хутордың үлкен болуында емес. Өз еркіндігінің болғандығы үйдің төбесінің биіктігінен әлдеқайда маңыздырақ. Сондай бостандыққа жету үшін мен он сегіз жыл бойы бел жазбай жұмыс істедім. Біздің елімізде кімнің өз меншігінде жері болса, ол – ешкімге тәуелсіз азат адам, ол – өз тағдырына өз қожайын адам. Егер мен әр қыстан, малдан шығын бермей аман шықсам, қойларымның қоңын түсірмей, жақсы азықтандырсам, борышымды жыл сайын мұқият төлеп тұрсам, – ал мен жақында бұл қарызымнан құтылатын боламын – онда қолымдағы қойлар түгелімен менің меншігіме өтеді. Біздің бәріміздің де көксейтініміз – бостандық. Кімде-кім ешкімге борыштар болмаса, нағыз король, міне, сол! Кімде-кім қолындағы қойының қоңын түсірмей, қыстан аман алып шықса, міне, сол патша сарайындай кең үйде тұрғандай сезінеді”.

Бьяртур бұл мақсатына жетудің бірден-бір жолы күн сайын қажымай-талмай еңбек ету деп біледі. Бұл ретте өзге ешкімнен көмек күтпейді, тек қана өзіне, өзінің күшіне сенеді. Өйткені оның өз жері бар, өз меншігінде едәуір қойы бар, салып алған жұпыны хуторы бар, мықты денсаулығы мен күш-жігері бар. Сондықтан да ол кімнің болса да көмек көрсетуінен үзілді-кесілді бас тартады, өзін кез келген шіріген байдан кеммін деп санамайды. Алға қойған мақсатына жету жолында қандай қиындыққа болса да шыдай біледі. Ол тіпті ішкер асынан үнемдеп, түлкі құрсақ аш жүруге де, тәуір киім киюден, ең қарапайым қажетті бұйымдар ұстаудан өзге сән-салтанатты дүние-мүлік жинаудан бас тартуға да барады.

Қой өсіріп, оны неғұрлым көбейте түсуді Бьяртур әрқашан бірінші кезектегі қасиетті міндетім деп біледі. Жоғалған тоқтысын іздеу кезінде ажал қатерінен де қаймықпайды. Тіпті айы-күні жетіп отырған келіншегінің бүгін-ертең босанып қалуы мүмкін екеніне де қарамай, оның жалғыз өзін елден жырақ хуторда жеке тастап кетеді. Сөйтіп келіншегі Розаның бұл жоқта босана алмай, қаза табуы да оның қойға деген қамқорлық бірінші кезекте болуы тиіс деп қалыптасып қалған қағидатын өзгерте алмайды. Оның аурушаң екінші әйелі Финна да осындай қатыгездіктің салдарынан өледі. Өйткені Бьяртур ауру Финна

ғана емес, балалары да сүтін ішіп, талғажау етіп отырған сиыр Букодланы ай-шайға карамай, бауыздап тастайды. Бұл ретте ол Букодлаға тым болмаса аз ғана шөп сұрап көрші деген өтінішке құлақ аспай, өзін-өзі ақтап былай дейді:

“Сенің сұмырай сиырыңа бола мені қойларға опасыздық жасауға мәжбүр ететін ешқандай күш жоқ. Ондай күшті жердің бетінен де, көктің жүзінен де таба алмайсың! Бір отар қой өргізу үшін мен он сегіз жыл бойы бел шешпей жұмыс істедім. Хуторға деген борышымды он екі жыл бойы төлеп, әзер дегенде құтылдым. Мені ешкімге тәуелсіз дербес адам еткен де менің қойларым ғана! Мен енді ешқашан ешкімнің алдында бас иіп, жалынышты болып тұрмаймын. Көктемде біреуге барып, алақан жайып, пішен сұрап, маскара болатын жағдайым жоқ! Ал маған староста мен Әйелдер одағы еркімнен тыс тықпалап алып келген, сөйтіп менің балаларымның үйреншікті тағам түрлеріне деген тәбетін жойған және менің қойларымның сапалы пішеніне ортақ болып, оларды ашаршылыққа душар еткен сұмырай сиырдың сазайын таркызатын кезім келді. Оның сазайын негұрлым тез тартқызуым керек!”

Лакснесс романдағы кейіпкердің шым-шытырық шиеленіскен қайғы мен қасіретке толы, карама-қайшылықты өмірін бірте-бірте терең ашып көрсетеді. Бьяртурдың өз идеясына шексіз берілгендігі ақылға қонымсыз фанатизмге айналады, жан түршіктіретерлік катап қатыгездікке толы табанды тұрақтылығы мен дәйекті ойлау қабілеті, еңбексіз келетін бас пайдасынан үзілді-кесілді бас тартуы өзгелердің, тіпті өз отбасы мүшелерінің де қайғы-қасіретіне қалай болса солай енжар немқұрайдылықпен карауына алып барып соқтырады. Жасаған іс-әрекеттеріне карап отырып, оған бас ие табынып, барынша ризашылық сезінуге де, одан жеркөнішпен безінуге де болады. Өйткені ол іс-әрекеттер бірде құрметтеуге лайық болса, енді бірде үрейлі қорқыныш тудырады.

Бұл тұрғыдан алып қарағанда ежелгі исландиялық сагалардың әдеби дәстүрлі ықпалы айқын аңғарылады. Жазушының бір мақаласында өзі атап көрсеткеніндей, “исландиялық сагаларда... ең жақсы адамдар әрқашан ең ауыр қылмыстар жасайды, ал ең жаман адамдар – өздерінің қылмысты қылықтары үшін өкінбейді, айыбын мойындап, кешірім сұрауды білмейді. Оның есесіне, ойламаған жерден ізгі ниетті басқа бір тамаша іс-әрекеттер жасауға бара береді”.

Жазушы Бьяртурдың Ауста Соуллияға деген әкелік сезімін соншалықты терең психологиялық терең дәлдікпен, жүрек тебіренерлік сезіммен сенімді суреттейді. Оны Аустаның да жанындай жақсы көретінін, перзенттік жүрегімен сүйетінін автор былайша көрсетеді:

“Қыз әкесінің бауырына жабыса түсті және дүниеде бұдан артық қуатты, тартымды күштің жоқ екенін алғаш рет сезді, әкесінің мойнында, көйлегінің жағасы мен сақалының астында, бір ғажайып қызу жері бар болатын. Қазір қызының жаңа ғана жас жуған ыстық еріндері дір-дір етіп, сол ғажайып қызу жерді іздеп, жоғары ұмтылды да ақырында іздеп тапты. Кейде өмірдің бүкіл азапты қайғы-қасіретінен тап осылай құтылуға болады. Қара көлеңке болме ішіндегі қас қағым сәт бәрін де ұмыттырады”.

Алайда бойжетіп қалған Аустаға Жазғы мекен әлемі, әкесінің шаңырағы тарлық ете бастайды. Ол өзіне әлі беймәлім жарқын да ғажайып дүниеге өз еркінен тыс құмарлық сезімімен ұмтыла түседі. Ондай сұлулық әлемін, поэзия мен махаббат дүниесін балалардың сауатын ашу үшін қаладан Бьяртурдың өзі жіберген бейшара кедей мұғалім ашады. Көп ұзамай Ауста өзінде осы мұғалімге деген ынтық сезімнің пайда болғанын бір-ақ сезеді. Романда бұл эпизод былай суреттеледі:

“Мұғалім түн ортасында өз қолымен шамды өшіріп, мұның аш белінен қапсыра құшақтай алған кезде, тұла бойымен әлгі әсерлі ток жүгіріп өткен қас қағым сәтте, бұл оның мойнынан мүлде еріксіз қалай құшақтай алғанын өзі де білмей қалған еді. Бұл қыз соған да кінәлі ме? Онда адамның бойымен неге әлдебір әсерлі ток күтпеген жерден жүгіріп өтеді? Шамасы, өмір дегеніміз осы болар? Ондай кезде қолыңнан не келе қояды? Ештеңе де істей алмайсың! Өйткені сен де жаны бар, сезімі бар тірі адамсың ғой”.

Араға біраз уақыт салып, қаладан өз үйіне қайтып келген Бьяртурға қызының жүкті екені туралы жайсыз хабар қатты соққы болып тиеді. Енді ол бұрын “өз өмірінің жайнаған жалғыз гүлі” деп санап келген Аустаға деген әкелік ыстық сезімі мен мейірімін мүлде жойып жібереді. Аяусыз шапалақ жұмсап, қызды түн ішінде қайда барсаң, онда бар деп, үйінен біржола қуып жібереді. Оқиғаның ең шарықтау шегі болып табылатын осы эпизодты Лакснесс небәрі бірнеше жолмен ғана береді. Бұл – оның өзіне тән баяндау стилі. Ол жазушы ретінде өзінің осы оқиғаға қалай қарайтынын тіпті де айтпайды, білдірмейді.

Бірақ бұл жазушының суреттеу шеберлігі жеткіліксіз деген сөз емес. Бьяртурдың күрделі бейнесін аз сөзбен ғана соншалықты толық және сәтті, оқырманды терең ойландыратындай етіп суреттейтін бір эпизод мынадай: “Саулық Бьяртурға тіпті жақындап барды да, ризашылық сезіммен емірене түсті. Бьяртур үш козыны бірдей ұстап, алдына алып отыр еді. Капа өзінің тұмсығын оның ұсқынсыздау дөрекі бетіне тақады, оған бейне бір алғыс сезімін білдіргендей болып, сақалын жылы лебімен аймалады әрі ақырын ғана мейірлене маңырады”. Бұған қарап отырып,

Бьяртурды қатыгез бе, әлде жаны нәзік мейірбан жан ба деп ойланбасқа шараң жоқ. Лакснесс бұл сұраққа өз тарапынан ешқандай да жауап бермейді. Ойлануды оқырманның өз еркіне қалдырады. Басты кейіпкердің бейнесін барған сайын тереңдете түседі, оның тым күрделі әрі шын мәніндегі қайғы-қасіреті мол қайшылықтарын ашып көрсетеді.

Романның төртінші бөлімі Жазғы мекенде жиналып отырған шаруалардың бірінші дүниежүзілік соғыс туралы әңгімелері суреттелетін оқиғадан басталады. “Дүниежүзілік деп аталған соғыс – бір кездегі Наполеон соғыстарынан кейінгі ең жойқын соғыс – біздің еліміздің бағына Құдай тағаланың өзі жолдаған береке-ырыс ала келді. Құдайдың рақымымен бұрқ ете қалған дүниежүзілік соғыс біздің халқымызды жоқшылықтан, мәдениетімізді жойылып кетуден құтқарып қалды. Өйткені балық пен балық майына деген сұранысты еселеп арттырып жіберді. Мұндай соғыстан қалай айналып кетпессің! Е, Құдай, көп ұзамай және бір осындай соғыс бұрқ ете қалса екен, шіркін! Соғыс Фердинанд деген шетелдік бір бейшараны біреулердің өлтіріп кеткенінен басталған көрінеді. Адамдар содан бері төрт жыл бойы бірін-бірі қырып-жоюмен келеді. Оларды кәдімгі кәсіпті қасаптың ет шапқанындай турап жатыр.

Таудағы қойларын іздеп шығар алдында Жазғы мекеннің шағын бөлмесінде кофе ішіп отырған шаруалардың әңгімесі осы тәрізінде болды. Бұлардың өздері де өмір бойы соғысып келе жатыр еді. Олардың соғысы тіпті дүниежүзілік соғыстан әлдеқайда маңыздырақ болатын. Ол соғыстың шығу себебі де қайдағы бір Фердинандтың өлімінен әлдеқайда күштірек сияқты көрінетін”.

Осында, соғыс туралы басқа да эпизодтарда Лакснесс өзінің өткір кекесін мазаққа және әзіл-оспаққа сойшалықты шебер екенін айқын көрсетеді. Оқырман оқиғаның XX ғасырдың бас кезіндегі бірінші дүниежүзілік соғыс туралы екенін сонда ғана барып бір-ақ біледі. Ал шығарманың бұдан бұрынғы оқиғалары уақыттан тыс, қай кезде болып жатқаны белгісіз көрінетін.

“Құт-береке ала келген дүниежүзілік соғыс” Бьяртурдың аңсаған арманына – өз еркі өзінде, ешкімге тәуелсіз, дербес азамат болуына жететін уақытын жақындата түсетіндей-ақ еді. Оның шаруашылығы шалқып өсіп, екі жүздей қойы, бірнеше сиыры, жылқысы болды. Бұрын батырақ болған ол енді өзі қызметшілер жалдайтын дәрежеге жеткенді. Жанадан жақсы үй салып алмақ. Бірақ Бьяртур туралы саға да ежелгі исландиялық сағалардағы сияқты ауыр зауал шегумен аяқталады. Мұның бір айырмашылығы сыртқы зұлым күштердің араласуымен емес, өмірде болып жатқан нақты оқиғалардың даму барысындағы заңдылық салдарынан орын алуында болатын. Жалғыз қалып, күшті күйзеліске



ұшыраған Бьяртур сонда да қажымайды, алға қойған мақсатынан бас тартпайды. Ол былай дейді: “Мен бұған мұңайып, шағынбаймын. Біздің елімізде қойынан айырылған жалғыз мен емеспін. Халықта мақал бар : “Коктемнің көгі шығып жетілгенше, көтерем көк бие де өліп тынар” дейді. Құдайға шүкір, өзім өлген жоқпын ғой. Сен бұл сөзіме қарап, мені өз өмірін қымбат көреді екен, өлімге қимайды екен деп ойлап қалма. Мен ең ақырғы демім біткенше күресуге бел бұған жанмын”.

Халлдор Лакснесс өзінің бір мақаласында былай деп жазған болатын: “Бұлар – осы елдегі өмірді мың жыл бойы жалғастырған отыз ұрпақтың соңғы төрт ұрпағының өкілдері. Олар бұл өмірді кім үшін жалғастырып келеді? Қалай дегенде де өз бастары үшін ғана емес, өздерінің туыстары үшін ғана емес. Кедей шаруалар қатыгез жау шауып, олардың өте ұзаққа созылған қаһарына ұшыраған, дұшпан аяусыз қырып-жойып, біржола жұтатып кеткен елді кезіп жүрген бейшара босқындар тәрізді. Олар заңнан тыс деп жарияланған адамдарға ұқсайды. Сонда олар мұндай халге қай елде душар болған? Қалай дегенде де олардың өз елінде деп айта алмайсың. Шетелдік кітаптарда орасан зор күш-қуатқа ие болған, өйткені күндіз демей, түн демей, өзінің қас жауының егіс даласында дән сеуіп, егін егуге мәжбүр болған адам туралы аңыз айтылады. Жазғы мекеннің иесі Бьяртур туралы саға – бүкіл өмірінде бастан-аяқ күндіз демей, түн демей, өз қас дұшпанының егіс даласында қой өсірген адам туралы саға. Міне, өз еркі өзіндегі, ешкімге тәуелсіз дербес адам туралы саға осындай”.

“Арманын аңсаған жандар” романынан кейін сегіз жыл өткен соң Халлдор Лакснесс “Исландия дабылы” трилогиясын жазды. Бұл шығарма қыркыншы жылдардың бірінші жартысында өріс алған оқиғалар негізінде пайда болды. Ол жылдар Исландия халқының біржола азаттық алып, Даниядан бөлініп шығу жолындағы қозғалысының күшейіп шарықтаған кезі еді. Исландия ғасырлар бойы аңсаған бұл мақсатына тек 1944 жылы ғана жетіп, мемлекеттің тәуелсіздігіне ие болды. 1948 жылы “Атом базасы” роман-памфлеті, 1954 жылы “Күміс ай”, 1952 жылы “Герпла” романы, 1956 жылы “Брехкукот хуторының шежіресі” романы, 1960 жылы “Қайтарылған пейіш”, 1968 жылы “Мұз тауының етегіндегі христиандар қауымы”, 1970 жылы “Приход хроникасы”, 1972 жылы “Құдайдың жіберген сыйы” романдары мен хикаяттары, жетпісінші жылдары бірнеше пьесасы жарық көрді.

Кезінде “Исландияның көзі тірі жанды сағасы” атанған классик жазушы Халлдор Лакснесстің алуан-түрлі тақырыптарда жазған прозасы бірін-бірі толықтыра түсетін өзіндік сағалар жиынтығын құрайды. Оның әр туындысының әр жолына мейлінше зор жауапкершілікпен қарап,

ұзақ жылдар бойы қажымай-талмай жазған шығармаларының жалпы жинағы 50 томнан асып түседі. Оның үстіне, қаншама көркем және саяси аудармалар жасады десеңізші. Ол исландиялық сагалардың жинақтарын, өнер туралы альбомдар мен кітаптарды баспадан шығаруға белсене араласты.

Халлдор Лакнесстің есімі халықаралық Нобель сыйлығын алудан үміткерлердің тізімінде жеті жыл бойы еніп келді. Бірақ Швед академиясы оның атына әр түрлі себеп-сылтаулармен кінә тағуы салдарынан ұдайы кейінге шегеріліп, кешіктірілумен келді. Соған қарамай, жазушыға 1955 жылы әдебиет саласы бойынша халықаралық Нобель сыйлығы берілді.

Халлдор Лакнесс бір ғасыр дерлік өмір сүрді. Ол 1998 жылы 96 жасында дүние салды. Исландиялық әдебиет сыншысы Христьяун Карлссон жазушының шығармашылығын өте жоғары бағалап, былай деп жазды: “Лакнесс, былайша алып қарағанда, көптеген жазушылардың бірлесе отырып күш-жігер жұмсауы арқылы ғана жүзеге асыруға болады дерлік соншалықты бай әрі мазмұны жағынан жаңа әдебиетті бір өзі жасауға толық қол жеткізе алды. Ол ұлттық исландиялық дәстүрлерге өзінің тамырларын терең жіберген шығармалар болып шықты. Оның үстіне, мұның өзі біздің әдебиетіміз өзінің өткен тарихымен байланысын үзіп алатындай болған қатерлі кезеңде іске асырылды. Егер Лакнесс болмағанда біздің әдебиетіміздің қай бағыттағы жолмен кететіні белгісіз еді. Онсыз қалай дегенде де ежелгі әдебиетіміз бен қазіргі жаңа әдебиетіміздің арасын бөліп жатқан түпсіз терең шыңырау арқылы алтын көпірдің салынбай қалуы әбден мүмкін еді”.

**Мыңбай ІЛЕС.**

# АРМАНЫН АҢСАҒАН ЖАНДАР

ЕРЛІК ТУРАЛЫ САҒА

---

# ИСЛАНДИЯ І ЗАШАРЫ

---

## *Бірінші тарау*

### **КОЛУМКИЛЛИ**

Исландтар шежіресінде айтылатынындай, ерте заманда Исландия жеріне Батыс елдерінен келген адамдар қоныстана бастаған. Олардан қалған белгілер – айқыштар, қоңыраулар, сиқырлап көз бояушылықтың алуан-түрлі құралдары ғана. Латын жазба деректерінде папалықтың бастапқы жылдарында\* мұнда келгендердің аты-жөндері де бар; олардың алғашқы ізашары дұға оқып, аруақ шақыратын атақты сиқыршы ирландиялық Колумкилли еді. Ол кезде Исландия топырағы ерекше құнарлы болатын. Кейінірек бұл өңірге солтүстіктің тұрғындары келе бастады да, алғашқы қоныстанушылардың қашуына тура келді. Шежірелерден белгілі: кәнігі сиқыршы Колумкилли кейінгі келімсектерден кек алу үшін, олардың басына қайдағы жоқ қырсықты үйіп-төгіпті-міс; соның салдарынан Исландия топырағы азып-тозып, құнарлылығынан айырылыпты-мыс, сортаң тартып, өнім бермейтін болыпты-мыс...

Уақыт шіркін өте берді. Солтүстіктен келгендер өздерінің байырғы ақиқат дінінен бас тартып, өзге тайпалардың үлгісімен түрлі пұттарға табынатын болды. Сөйтіп Исландияны астан-кестен рухани төңкеріс жайлап алды. Солтүстік тұрғындарының құдайлары көзге құбыжық көрінетін мазаққа айналып, қорланатын болды, жұрттың көбі өздеріне Шығыс пен Батыс елдерінен әкелінген құдайлар мен құдайсымақтарға құлшылық ететінді шығарды. Аңыздың айтуына сенсек, Колумкиллиді есте сақтау құрметіне сол кездің өзінде осынау ашық аңғардағы ғибадатхана салыныпты-мыс. Кейіннен барып, бұрын бос жатқан сол жерде үп-үлкен Альбогастад хуторы бой көтеріп, өсіп шығыпты-мыс.

Ал 1750 жылы әлдебір сиқырлы күш сол хуторды жермен-жөксен етіп қиратып кеткеннен кейін Утиредсмири-Рейкдальдағы округтық судья Йоун, жұрттың аузындағы сөзіне қарағанда, көзге елес беретін жын-шайтандар жайлайтын биік жотадағы сол аңғардың қандай құпиясы бар екенін ашуға құмартыпты. Сөйтіп ол ондағы адам айтса нанғысыз оқиғаларды өз көзімен көріп, куә болыпты-мыс және бұл жөнінде өзінің “Альбогастадағы жын-шайтандар туралы” деген атышулы хабарламасында жазып та беріпті. Қыстың орта шенінен бастап Үш Құдай мерекесіне дейін әлгі жын-перілер кімнің болса да үрейін ұшыратын қорқынышты үн шығарып, зар еңіреп жылапты, халық хуторды тастап, кентке қарай бет-бетімен қашыпты. Әлгі жын-пері судья Йоунның құлағына екі рет оның атын атап, айқайлапты-мыс. Мұның “Сен кімсің?” деп қойған сұрағына біресе қайдағы бір латынша ұятсыз өлеңмен, біресе бейауыз боқтық дәрекі сөздермен жауап қайтарыпты-мыс.

Судья Йоун жарық дүниеге келмей тұрған есте жоқ ерте заманнан бері әлгі жын-шайтандар туралы сақталып келе жатқан неғұрлым кеңінен танымал аңыз туралы айтқанда келешекте жағалаудағы жотаның аңғарын аралап көргісі келетін, бір кезде ат тұяғы таптаған, ал қазір шөп басып кеткен ескі сүрлеулермен жүріп өтуді қалайтын, тіпті сонау бір көне заманда хутор тұрған, қазір батпақты ойпанның ортасында қалған төбеге де қызыға ден қоятын адамдар үшін мына бір аңызға да тоқтала кету тіпті де артық емес деп отыратын.

Епископ Гудбраннның өмірінің соңғы жылдарында Альбогастад хуторында ерлі-зайыпты екі адам ғана тұрды. Күйеуінің атын білмейміз, ал әйелінің аты әлде Гунвер, әлде Гудвер еді. Жұрттың айтуынша, ол әйел жүгенсіз кеткен мінезсіз бетпақтың нағыз өзі екен, көз бояйтын сиқыршылықпен айналысыпты, жұрт одан аулақ жүруге тырысыпты. Күйеуінің ынжықтығы сонша, әйелінің айтқанынан тым болмаса бір елі де шыға алмапты. Сол отбасы алғашқыда тым жұпыны тіршілік етіпті, олардың батырақтары өте аз болыпты. Аңыздың айтуына қарағанда, Гунвер босанған сайын өз нәрестесін күйеуінің өлтіріп тастауын талап етіп, оларды тауға алып барып, жалпақ тастың астына бастырып кетуге мәжбүр етумен болыпты. Жыл сайын бүгінгі күнге дейін көктем шыға, күннің көзі жылт етіп көрініп, қар ери бастаған кезде бейшара нәрестелердің шырылдап жылаған дауыстары естілетіні содан деседі. Ал күйеуі кейде шақалақ нәрестені мойнына тас байлап, көлге батырып жіберетін де болыпты. Қазір қақаған аязды айлы

түнде көл жақтан өксіп-өксіп жылаған нәрестенің даусы естілетіні де содан көрінеді – мұның өзі ауа райының бұзылып, қолайсыз болатынын білдіреді.

Жыл өткен сайын әлгі Гунвер адамның қызыл қанын ішіп, аппақ миын жеуге құныға түсіпті. Жұрттың айтуынша, ол өзінің тірі қалған балаларының күре тамырын қиып жіберіп, қанын сорады екен. Ол күйеуіне үйінің ту сыртына лашық тұрғызуға әмір етіп, өзі онда жын-шайтанның дию басшысы Колумкиллидің құрметіне от жағып, иіс шығаратын болыпты.

Былай деп те айтады: бір күні бейшара күйеуі әбден ығыры шыққандықтан одан қашып құтылуға, сөйтіп өзінің сикыршы әйелінің қылықтары туралы бүкіл шындықты жалпақ жұртқа жария етіп, мақсара етуге бел байлапты. Бірақ соңынан әйелі қуып жетіп, Редсмири асуында оны ұстап алыпты да таспен ұрып өлтіріпті, марқұмның мәйітін масқара етіп, әбден қорлапты. Оның сүйегін жиып-теріп өзінің лашығына алып кетіпті, ал етін ит-құсқа жем болсын деп асу үстінде қалдырыпты. Ол былайғы жұртқа “Күйеуім жоғалған қойларды іздеп жүріп, тау ішінде мерт болды” деп хабарлапты.

Күйеуінің қазасынан кейін Гунвер қатты байып шыға келіпті, небір тамаша арғымақ аттар ұстапты, ал шіркеуге жиналған жұртқа бұл байлыққа Колумкиллидің сикыры арқасында ие болғаннан деп жариялап жүріпті.

Ол кезде бұл жердегі кентке әр жақтан көп адам келеді екен: жаздыгүні көшпелі мұз астынан балық аулау үшін, ал көктемде – күнге кеуіп, қақталған балық қорын жасап алу үшін келетін көрінеді.

Адамдар бірте-бірте Гунвердің күмәнді қылықтарын сезе бастайды, оның жылқысы үсті-үстіне көбейіп бара жатқанын байқайды. Өйткені Гунвер шіркеуге баруын барғанымен, тіпті Үш Құдай мерекесі күнінде де Редсмири шіркеуінде Құдайға жалбарынып болысымен не аспанға, не күнге көз салу дегенді білмейтін еді.

“Ел құлағы – елу”, ақырында Гунвердің күйеуі тіпті де өз ажалынан өлмепті, оны да, өзге де адамдарды өлтірген әйелінің өзі екен деген сыбыс естіліп, жалпы жұртқа жайылып кетіпті. Ол біреуді ақшасына бола, ал енді біреудің қанын ішіп, миын жеу үшін өлтіреді екен. Альбогастадтың маңындағы аңғардың оңтүстік қиыр шетінде Сүліктер көлі деп аталатын көл бар – Гунвер өз қолынан қаза тапқандардың мәйітін сонда батырып жіберетін көрінеді. Әдетте ол өзінің мейманын түн ішінде ұйықтап жатқан

жерінде жарып өлтіріп, кеңірдегін тісімен қиып, қанын сорады екен, етінен ет кесіп алып жейді екен, ал сүйектерін Колумкиллимен бірге ойыншық етіп ойнайды екен. Бірде ол біреуді ай тақыр болып бос жатқан иен далаға дейін қуып барып, оны ай сәулесіне шағылысып жарқ-жүрқ еткен қанды қанжарын қадап өлтіріпті; ол әйелдің қарулы болғаны сонша, тіпті кез келген еркекпен күш сынаса алады екен. Оның үстіне, жауыздық пен зұлымдық жасауына оған дию Колумкилли көмектесетін көрінеді. Адамдарды әлгі бос жатқан иен даланың бетіндегі аппақ қардан қызыл қанның жосып жатқан ізін әлі күнге дейін, әсіресе Рождество мерекесі қарсаңында жиі көретіні содан деседі.

Гунвер өлтірген адамдарының мәйітін аңғарға алып барып, мойындарына тас байлап, сондағы көлге батырып жібереді екен; содан соң олардың бар байлығына – киім-кешегіне, мініп келген атына, қалтасындағы ақшасына ие болып шыға келетін көрінеді. Оның балалары шетінен ақыл-есі кем, нақұрыс біреулерге айналыпты – үйдің төбесіне шығып алып, ит болып үруден, табалдырық түбінде жатып алып, тістерін сақылдатып айбат шегуден шімірікпейді екен. Дию оларды сөйлеу қабілетінен де, ойлау қабілетінен де айырып, жүрдай еткен көрінеді. Ал жалмауыз кемпір күні бүгінге дейін түн қараңғылығы түсе бастағаннан-ақ балаларға мынадай өлең айтып, ән салатын көрінеді:

Жаяу жеткен жолаушыны  
Алдап-сулап, арам оймен  
Гунвер қонақ етеді.  
Соры қалың бейшараның  
Қанын ішіп, етін жеп,  
Гунвер қорек етеді.  
Содан кейін ол сорлының мәйіті  
Мойынына тас байланып,  
Тұңғыық көл тереңіне  
Мәңгі-бақи кетеді.  
Қанға бөккен жолдың бойы  
Әрқашан да бар болғай,  
Ұйықта, балам,  
Құдай бізге жар болғай!

Салт аттылы жолаушыны  
Алдап-сулап, арам оймен  
Гунвер қонақ етеді.  
Соры қалың бейшараның